

"Техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2010 жылға арналған бөлінетін 004 "Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу" бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 маусымдағы № 732 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 қыркүйектегі № 1015 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2010 жылға арналған бөлінетін 004 "Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу" бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 маусымдағы № 732 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 жылға арналған бөлінетін 004 " Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу" бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық ж о б а л а р д ы ң т і з б е с і :

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 1, 2 және 3-жолдармен толықтырылсын:

1	"Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын дамыту жөніндегі жобаның техникалық-экономикалық негіздемелерін түзету	53 549
2	"Бурабай" арнайы экономикалық аудан шекараларында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін МҰТП аумағындағы босалқы жерге ауыстырудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу	7 199
3	Мемлекеттік қызмет персоналын басқарудың "е-қызмет" автоматтандырылған жүйесін құруға арналған техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу	19 875

М ы н а :

"

Жиыны	19 825
-------	--------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Жиыны	100 448
-------	---------

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов